


Бекітемін 
ЖШС Ескендір 07 «Ескендір» бөбекжайының
меңгерушісі Базаралиева Б.Т.



2023 – 2024 оқу жылының әдістемелік кеңестер

№	Тақырыбы	Түрі	Мерзімі	Жауапты
1	1. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат 2. Серуен кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша нұсқаулықтар.	Талқылау	Қыркүйек	Меңгеруші Тәрбиешілер
2	1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімінің орындалуы 2. Әр жас топтары бойынша перспективалық жоспар мен циклограмманы құруды талдау.	Семинар Талқылау	ақпан	Меңгеруші Тәрбиешілер
3	1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімі туралы. 2. Педагогтерді педагогикалық әдептің негізгі қағидаттарымен және негізгі нормаларымен таныстыру	Панельдік пікірталас	Сәуір	Меңгеруші Тәрбиешілер

Өткізу түрі: Дәстүрлі педагогикалық кеңес

Мақсаты:

Өткен әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуын талдау, педагогтердің жоспарлау құжаттарын жүргізу сапасын арттыру және перспективалық жоспар мен циклограмманы құру бойынша әдістемелік көмек көрсету

Қатысушылар: бөбекжай меңгерушісі, әдіскер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, педагог-мамандар.

Күн тәртібі:

1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімінің орындалуы.
2. Әр жас топтары бойынша перспективалық жоспар мен циклограмманы құруды талдау (семинар).

1.Тыңдалды:

Тәрбиеші Ж.А. Маратова өткен әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат берді. Педагогтердің жоспарланған жұмыстарды уақытылы орындағаны, оқу-тәрбие процесінде әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алғаны атап өтілді. Кейбір бағыттар бойынша жұмысты жетілдіру қажеттілігі айтылды.

2.Тыңдалды:

Бөбекжай меңгерушісі Б.Т.Базаралиева әр жас тобы бойынша перспективалық жоспар мен циклограмманы құру ерекшеліктеріне тоқталды. Құжаттарды рәсімдеу талаптары, жоспарлау барысында тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін дұрыс қамту, күн тәртібін тиімді ұйымдастыру мәселелері түсіндірілді. Семинар барысында педагогтер өз тәжірибелерімен бөлісіп, туындаған сұрақтарға жауап алды.

Шешім:

1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Белгіленген міндеттердің орындалуын тұрақты бақылау жалғастырылсын.
3. Әдістемелік көмек қажет ететін педагогтерге жеке қолдау көрсетілсін.
- 4.Перспективалық жоспар мен циклограмма белгіленген талаптарға сәйкес құрылсын.
- 5.Педагогтер жоспарлау құжаттарын әзірлеуде нормативтік құжаттарды басшылыққа алсын.
- 6.Әдіскер тарапынан жоспарлау құжаттарына жүйелі түрде мониторинг жүргізілсін.

7.Қажет болған жағдайда педагогтерге әдістемелік кеңестер ұйымдастырылсын.

Төрайымы: _____ Базаралиева Б.Т.

Хатшы: _____ Маратова Ж.А.



Өткізу түрі: Дәстүрлі педагогикалық кеңес

Мақсаты:

Педагогикалық ұжымның әдістемелік жұмысын жетілдіру, өткен кеңестің шешімдерінің орындалуын талдау және педагогтерді педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мен нормаларымен таныстыру арқылы кәсіби құзыреттілікті арттыру.

Күн тәртібі

1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімі туралы.
 2. Педагогтерді педагогикалық әдептің негізгі қағидаттарымен және негізгі нормаларымен таныстыру
- Панельдік пікірталас

ТЫҢДАЛДЫ:

Меңгеруші Базаралиева Б.Т сөз алып, өткен әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалу барысы туралы ақпарат берді.

Ол алдыңғы кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу деңгейіне тоқталып, жоспарланған жұмыстардың бір бөлігі жүзеге асырылғанын, ал кейбір тапсырмалар бойынша жұмыстардың жалғасып жатқанын атап өтті.

2. ТЫҢДАЛДЫ:

Тәрбиеші Ж.А.Маратова педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мен нормалары бойынша түсіндірме жасады.

Сөз барысында педагогикалық әдептің білім беру процесіндегі маңызы, педагог пен білім алушы арасындағы қарым-қатынас мәдениеті және кәсіби этика талаптары түсіндірілді.

Одан кейін педагогтар арасында панельдік пікірталас ұйымдастырылып, қатысушылар өз ойларымен және тәжірибелерімен бөлісті. Пікір алмасу барысында педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша ұсыныстар айтылды.

Шешімі:

1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Орындалмаған тапсырмалар белгіленген мерзімде толық орындалсын.
3. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау барлық педагогтерге міндеттелсін.
4. Педагогикалық әдеп бойынша түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
5. Келесі әдістемелік кеңесте орындалу барысы қайта қаралсын.



Төрайымы:

Базаралиева Б.Т.

Хатшы:

Маратова Ж.А.